

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада қолданатын тарифтік жеңілдіктер туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қыркүйектегі N 952 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада қолданатын тарифтік жеңілдіктер туралы хаттаманың жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада қолданатын тарифтік жеңілдіктер туралы хаттама жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада қолданатын тарифтік жеңілдіктер туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын бекіту туралы шартты басшылыққа ала отырып,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кедендік одақ және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарттың ережелерін іске асыра отырып,

үшінші елдерге қатысты келісілген сауда саясатын жүргізуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Еуразия экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің сауда саясатын іске асыру кезінде өзаралылық шарттарында немесе бір жақты тәртіппен берілетін, ЕурАзЭҚ-тың Жалпы кедендік тарифімен және ұлттық экспорттық тарифтермен салыстырғанда үшінші елдерден тауарды әкелу (әкету) кезінде тауарға кедендік бажы жеңілдікпен салу түсініледі.

2-бап

Қолданылатын тарифтік жеңілдіктердің (тарифтік преференциялардың) негізгі түрлері:

- 1) кеден бажын төлеуден босату;
- 2) кеден бажының ставкасын төмендету;
- 3) тауарды преференциялық әкелуге (әкетуге) тарифтік квоталарды белгілеу.

3-бап

Осы Хаттама Тараптардың үшінші елдерден тауарлардың импортына (экспортына) қатысты тарифтік жеңілдіктерді қолдану тәртібін айқындайды.

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу қағидатына және атап айтқанда, сыртқы сауда қызметіне қатысушыларды кемсітпеушілік қағидатына сәйкес тарифтік жеңілдіктер жеке сипатта бола алмайды деп белгіледі.

4-бап

Тараптар оларға қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер тарифтік жеңілдіктерді (қосымша) қолданатын Тауарлар мен көлік құралдарының бірыңғай тізбесі негізінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумағына осы жеңілдіктердің берілуіне байланысты мақсаттарда пайдаланылатын тауарлар мен көлік құралдарының экспорты және (немесе) импорты кезінде тарифтік жеңілдіктерді қолданады.

Оларға қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер тарифтік жеңілдіктерді қолданатын Тауарлар мен көлік құралдарының бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарларды әкелу және (немесе) әкету кезінде қолданылатын тарифтік жеңілдіктердің түрлері және тарифтік жеңілдіктерді қолдану тәртібі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

5-бап

Тараптар кедендік бажды төлеуден босату, кеден бажының ставкасын төмендету не неғұрлым нашар дамыған немесе дамушы мемлекеттерден шығатын тауарларды преференциалды әкелуге тарифтік квотаны бекітуден босату түріндегі тарифтік жеңілдіктерді жекелеген хаттамалар шеңберінде береді.

6-бап

Осы Хаттама олар қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

7-бап

Осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Хаттаманы түсіндіру және (немесе) қолдану туралы Тараптар арасында даулар туындаған жағдайда, олар Тараптар арасындағы келіссөздер немесе консультациялар жолымен, ал қажет болған жағдайда ЕурАзЭҚ Сотымен шешілетін болады.

9-бап

Осы Хаттама ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарийге Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік ресімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама белгіленбеген мерзімге жасалады.

Тараптардың әрқайсысы бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Хаттамадан шыға алады. Осы Хаттаманың қолданылуы мұндай Тарап үшін депозитарий жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты айдан кейін тоқтатылады.

200__ " __" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін депозитарийде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
	<i>Ресей</i>	<i>Тәжікстан</i>
	<i>Федерациясының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
<i>Үшінші</i>	<i>елдермен</i>	<i>саудада</i>
<i>Еуразия</i>	<i>экономикалық</i>	
<i>қоғамдастығына</i>	<i>мүше</i>	
<i>мемлекеттер</i>	<i>қолданатын</i>	

ұйымдардың жарғылық (жинақтамалы) капиталына шетелдік инвестордың салымы ретінде әкелінетін негізгі өндірістік қорларға жататын акциздік емес тауарлар.

8. Кеден баждары салудан босатуды көздейтін кеден режимдері шеңберінде т а с ы м а л д а н а т ы н т а у а р л а р .

9. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамаларымен белгіленген шарттар мен нормаларды сақтау кезінде, өндірістік немесе өзге кәсіпкерлік қызметіне арналмаған, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден аумағына әкелуге не ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумағынан тысқары әкетуге ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамаларымен тыйым салынбағанды қоспағанда, жеке тұлғалар т а с ы м а л д а й т ы н т а у а р л а р .

10. Халықаралық шарттарға сәйкес ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер қатысушылар болып табылатын үшінші елдердегі инвестициялық ынтымақтастық объектілерін салуға арналған кешенді жеткізулердің құрамында әкетілетін тауарлар.

11. Олардың заңнамасымен көзделген жағдайларда ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің меншігіне айналдыруға жататын тауарлар.

12. Мемлекеттік бюджеттердің мақсатты қаражаты есебінен немесе ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер үкіметтерінің кепілімен тартылған шетелдік мемлекеттердің, банктердің, фирмалардың байланыстырылған кредиттері есебінен ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерде шығарылмайтын жабдық, оның ішінде жинақтаушылар және оған қосалқы бөлшектер. Осы жеңілдіктерді қолдану тәртібі мен шарттары ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен белгіленеді.